

Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 150 және Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі м.а. 2011 жылғы 31 тамыздағы № 273 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 қыркүйекте № 7178 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 421 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 482 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 22.06.2015 № 421 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 482 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Мұнай операцияларын жүргізу саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру парақтарының нысандары бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес тау-кен өндірістерін пайдалану кезінде ;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес мұнай-химия өндірістерін пайдалану кезінде ;

3) **Алынып тасталды - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;**

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, тау-кен және мұнай - газ өңдеу өндірістерін жобалау, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын әзірлеуге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау; мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау үшін; мұнай химиялық, химиялық өндірістерін жобалау (технологиялық) кезінде ;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес мұнай және газ кенорындарын барлау, сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік игеру кезінде.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (Т.А.Момышев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі Л.К.Кииновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жариялағаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі

_____ С. Мыңбаев

2011 жылғы 25 тамыз

2011 жылғы 31 тамыз

Қазақстан Республикасының
Экономикалық даму және сауда

_____ министрінің міндетін атқарушы

_____ Д. Шәженова

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
2011 жылғы 25 тамыздағы № 150
мен Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 31 тамыздағы № 273
бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Тау-кен өндірісін пайдалану кезінде мұнай операцияларын жүргізу саласында жеке кәсіпкерлік бойынша тексеру парағы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектінің атауы _____

БСН, ЖСН _____

—
Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді (+)	Талаптарға сәйкес келмейді (-)
1.*	«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 12-бабына сәйкес лицензияда және лицензияға қосымшада көзделген қызметтердің түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыру		
2.**	Жобаға сәйкес келетін қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болуы және сақталуы		
3.***	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін (меншік құқығын немесе өзге заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмесі) өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы		
3.1.***	Мұнайды, газды, газконденсатын өндіру, кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу үшін – тау-кен өндірісінде қолданылатын инженерлік құрылыстар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процестердің болуы және пайдалануы		
3.2.***	Мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстарын жүргізу үшін – каротаж станциялар (ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары , арнайы (каротаждық) кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр) болуы және пайдалануы		
3.3.***	Мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін: 1) лицензияның не жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы; 2) перфорациялық жабдықтар мен (немесе) жүйелердің болуы және пайдалануы		

3.4.***	Мұнай және газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау үшін – бұрғылау кондырғылары, қашау, бұрғылау құбырлары, көтеру агрегаттарын лақтыруға қарсы жабдықтар, көтергіш агрегаттардың болуы және пайдалануы		
3.5.***	Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін – тиісті технологиялық жабдықтардың болуы және пайдалануы		
3.6.***	Мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – техника құралдарының кешені, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін мамандандырылған арнайы техника мен технологиялардың болуы		
3.7.***	Құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау жұмыстарын жүргізу үшін – теңіздегі мұнай жинау кондырғысының (скиммер), жүзуші резервуарлар, бонолық тосқауылдар; құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтар, цементтейтін агрегаттар; шығарындыға қарсы жабдықтардың болуы		
4.**	Машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; еңбек қауіпсіздігін бақылауды; метрологиялық бақылауды; маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне қолданылмайды); технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды (тау-кен өндірісі қызметтерінің кіші түрлеріне қолданылмайды), қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы		
5.*	Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесінің болуы		

* - елеулі бұзушылыққа жатқызылады;
** - болмашы бұзушылыққа жатқызылады;
*** - қызметтің тиісті кіші түрлерін жүзеге асырушы тек тексерілетін субъектілерге жатқызылады.

Тексеруді жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ж.) (қолы)

М . О .
Талаптарды бұзушылық байқалған жағдайда нұсқаманы жасау нөмірі мен күні көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)
Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) _____
(Т . А . Ж .) (қ о л ы)

20__ жылғы «__» _____
Тексеру қорытындысы бойынша тексерілген субъекті _____
(субъектінің атауы)

жоғары тәуекел дәрежесі	орташа тәуекел дәрежесі	болмашы тәуекел дәрежесі

тобына ауыстырылуы («+» белгісімен белгілеу).
Органның лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

О р г а н н ы ң б а с ш ы с ы :

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
2011 жылғы 25 тамыздағы № 150
мен Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 31 тамыздағы № 273
бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Мұнай-химия өндірісін пайдалану кезінде мұнай операцияларын жүргізу саласында жеке кәсіпкерлік бойынша тексеру парағы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , к ү н і)

Кәсіпкерлік субъектінің атауы _____

БСН, ЖСН _____

—
Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді (+)	Талаптарға сәйкес келмейді (-)
1.*	«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 12-бабына сәйкес лицензияда және лицензияға қосымшада көзделген қызметтердің түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыру		
2.**	Жобаға сәйкес келетін қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің болуы және технологиялық регламентте бекітілген талаптардың сақтауы		
3.*	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін (меншік құқығын немесе өзге заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмесі) өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы		
3.1.*	Мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану үшін : 1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде болуы және пайдалануы; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болуы		
	Машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және		

4.**	оларға техникалық қызмет көрсетуді; еңбек қауіпсіздігін бақылауды; метрологиялық бақылауды; маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия, химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне қолданылмайды); технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды (тау-кен өндірісі қызметтерінің кіші түрлеріне қолданылмайды), қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы		
5.**	Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесінің болуы		

* - елеулі бұзушылыққа жатқызылады;

** - болмашы бұзушылыққа жатқызылады;

*** - қызметтің тиісті кіші түрлерін жүзеге асырушы тек тексерілетін субъектілерге жатқызылады.

Тексеруді жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ж.) (қолы)

М . О .

Талаптарды бұзушылық байқалған жағдайда нұсқаманы жасау нөмірі мен күні көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) _____
(Т.А.Ж.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілген субъекті _____
(субъектінің атауы)

жоғары тәуекел дәрежесі	орташа тәуекел дәрежесі	болмашы тәуекел дәрежесі

тобына ауыстырылуы («+» белгісімен белгілеу).
Органның лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

(лауазымы)

(қолы)

(Т.А.Ж.)

О р г а н н ы ң

б а с ш ы с ы :

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
2011 жылғы 25 тамызда № 150
мен Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 31 тамызда № 273
бірлескен бұйрығына
3 - қ о с ы м ш а
Нысан

Бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау (мұнай-газ кен орындарында), жарылыстан қорғалған электр техникалық жабдықтарды (мұнай-газ кен орындарында), көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ жұмыс істеу қысымы $0,7 \text{ кг/см}^2$ жоғары және жылу жеткізу температурасы 115°C жоғары қазандықтарды, $0,7 \text{ кг/см}^2$ жоғары қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбырларды дайындау, монтаждау және жөндеу кезінде мұнай операцияларын жүргізу саласында жеке кәсіпкерлік бойынша тексеру парағы

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
2011 жылғы 25 тамыздағы № 150
мен Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 31 тамыздағы № 273
бірлескен бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Тау-кен және мұнай газ өңдеу өндірістерін жобалау, мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау; мұнай-газ кен орындарын әзірлеуге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау; мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай химиялық, химиялық өндірістерін жобалау (технологиялық) кезіндегі мұнай операцияларын жүргізу салаларында жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектінің атауы _____

БСН, ЖСН _____

—
Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді (+)	Талаптарға сәйкес келмейді (-)
1.*	«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 12-бабына сәйкес лицензияда және лицензияға қосымшада көзделген қызметтердің түрлері мен кіші түрлерін жүзеге асыру		
2.**	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін (меншік құқығын немесе өзге заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмесі) өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы		
2.1*	Тау-кен және мұнай газ өңдеу өндірістерін жобалау, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын игеруге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау; мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау үшін; мұнай химиялық, химиялық өндірістерін жобалау үшін - лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз		

	етудің, электронды-есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасының (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдық) болуы және қолданылуы		
3.**	Тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін – тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесінің болуы		

* - елеулі бұзушылыққа жатқызылады;

** - болмашы бұзушылыққа жатқызылады;

*** - қызметтің тиісті кіші түрлерін жүзеге асырушы тек тексерілетін субъектілерге жатқызылады.

Тексеруді жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ж.) (қолы)

М . О .

Талаптарды бұзушылық байқалған жағдайда нұсқаманы жасау нөмірі мен күні көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) _____
(Т.А.Ж.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілген субъекті _____
(субъектінің атауы)

жоғары тәуекел дәрежесі	орташа тәуекел дәрежесі	болмашы тәуекел дәрежесі

тобына ауыстырылуы («+» белгісімен белгілеу).
Органның лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

О р г а н н ы ң б а с ш ы с ы :

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
2011 жылғы 25 тамыздағы № 150
мен Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда
 министрі міндетін атқарушының
 2011 жылғы 31 тамыздағы № 273
 бірлескен бұйрығына
 5-қосымша
 Нысан

**Мұнай және газ кен орындарын барлау, сынамалы пайдалану,
 тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік пайдалану кезінде
 мұнай операцияларын жүргізу саласында жеке кәсіпкерлік бойынша
 тексеру парағы**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 11.07.2013 № 123 және ҚР Өңірлік даму министрінің м.а. 16.07.2013 № 135/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектінің атауы _____

БСН, ЖСН _____

—
 Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар	Қойылатын талаптарға сәйкес келеді (+)	Талаптарға сәйкес келмейді (-)
1.*	Кен орындарын барлау, сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік пайдалану және ұңғымаларды, кәсіпшілік объектілері мен бекітілген жобалық құжаттарға сәйкес көмірсутектерді өндіру, дайындау, сақтау және тасымалдау үшін қажетті инфрақұрылымның өзге де объектілерін салуды жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру		
2.*	Пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларға сәйкес жүзеге асыру		
3.*	Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат шартының болуы мен оның орындалуы		

4.*	Мұнай-газ кен орындарын өнеркәсіптік игеруді ілеспе және (немесе) табиғи газды өңдеусіз және кәдеге жаратусыз жүргізу		
5.*	Теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізудің шарттарын сақтау		
6.*	Техникалық регламенттерде белгіленген талаптарды олар болған жағдайда сақтау		
7.**	Ілеспе газын өңдеуді дамыту бағдарламасының болуы мен орындалуы		
8.**	Келісімшарттық аумақта өндірілген мұнайды өлшеу мен салмақтау қағидаларының талаптарын сақтау		
9.**	Теңізде ғылыми зерттеулерді жүргізуге рұқсаттың болуы		

* - елеулі бұзушылыққа жатқызылады;

** - болмашы бұзушылыққа жатқызылады;

*** - қызметтің тиісті кіші түрлерін жүзеге асырушы тек тексерілетін субъектілерге жатқызылады.

Тексеруді жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ж.) (қолы)

М . О .

Талаптарды бұзушылық байқалған жағдайда нұсқаманы жасау нөмірі мен күні көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) _____
(Т.А.Ж.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілген субъекті _____
(субъектінің атауы)

жоғары тәуекел дәрежесі	орташа тәуекел дәрежесі	болмашы тәуекел дәрежесі

тобына ауыстырылуы («+» белгісімен белгілеу).
Органның лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (Т.А.Ж.)

О р г а н н ы ң б а с ш ы с ы :

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК